



# Серіктестерге қызмет көрсету шартына № 7 қосымша

## Бизнес Несие

### 1. Мақсаты және реттеу саласы

1.1. Осы Қосымша Касрі мен Серіктестің кәсіпкерлік мақсатқа Несие мен Несие желілерін беру бойынша қатынастарын реттейді және Касрі-дің оларды беруінің жалпы талаптары мен тәртібін айқындайды. Касрі белгілеген нысан бойынша Келісімге қол қою және (немесе) Касрі көздеген өзге әрекеттер акцепт болып табылады.

### 2. Терминдер мен анықтамалар

2.1. Осы Қосымшада пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар Серіктестерге БҚКШ-ның «Терминдер мен анықтамалар» атты 1-тарауында көрсетілген мағынада, сондай-ақ келесі мағынада түсініліп, қолданылады:

- 1) Сыйақы – Несие лимитінің есебінен алынған ақшаны пайдаланғаны үшін ақы, ол не Несие сомасына пайыздық көрсеткішпен, не бекітілген сомада көрсетіледі;
- 2) Үзінді көшірме – Шотта көрсетілген Операциялар туралы, сондай-ақ өзге ақпаратты қамтитын мәліметтер;
- 3) Қолжетімді қалдық – Несие лимитінің Серіктес пайдаланбаған бөлігінің мөлшері;
- 4) Берешек – Серіктеспен жасалған шарттарда көзделген, Серіктес төлеуге тиіс Негізгі борышты, Овердрафт сомасын, есептелген, бірақ төленбеген Сыйақыны, комиссияны, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл), төлемақыны, өзге төлемдерді қосқанда, Несие (қарыз Операциялары) сомасы;
- 5) Байланыс арнасы – Касрі мен Серіктестің арасында ақпаратты беру құралдарының бірі: электрондық пошта (email), пошта байланысы, Мобильді қосымша, интернет-банкинг, мобильді банкинг, телебанкинг, USSD/SMS-хабар, месенджер арқылы хабар, телефон, факс, банкомат, POS-терминал, терминал, Жеке кабинет, Интернет-киоск, интернет-бөлімше, әлеуметтік желідегі Серіктестің парақшасындағы хабар, Сайттағы, әлеуметтік желідегі Касрі-дің ресми парақшасындағы хабар, Касрі айқындайтын тәртіппен және талаптарда және өзге интернет-ресурстарда Серіктес туралы мәліметтердің негізінде сәйкестендіріп, пайдаланылады;
- 6) Несие – Несие лимитінің аясында Серіктеске берілетін ақша сомасы;
- 7) Несие желісі – Серіктеске Несие алу және қарыз Операцияларын жүргізу уақытын өзі, бірақ Касрі-дің ішкі несие саясаты туралы ережеде, осы Қосымшада, Келісімде және Дербес талаптарда айқындалған уақыт пен соманың лимиттері шегінде, Касрі белгілеген шектеулерді ескере отырып, Касрі айқындаған Несие лимитінің есебінен Несие желісінің Ең көп сомасы шегінде айқындауына мүмкіндік беретін Келісімнің талаптарында Касрі-дің Серіктесті несиелеу міндеттемесі;
- 8) Несие лимиті – Дербес талаптарда айқындалған талаптарда, жаңартылатын не жаңартылмайтын негіздегі несие желісінің Ең көп сомасы аясында Серіктестің біржолғы пайдалануында болатын қарыз Операциялары бойынша Негізгі борыш сомасының Касрі айқындаған шекті мөлшері;
- 9) ДСЖК – Касрі-дің динамикалық сәйкестендіру жүйесінің бір реттік коды, ол электрондық цифрлық символдардың бірегей бірізділігін білдіреді, қызметті пайдаланған кезде Серіктестің сұратуы бойынша бағдарламалық-техникалық құралдармен жасалады;
- 10) Жеңілдік кезеңі – Сыйақы есептелмейтін, Несие берумен және оған қызмет көрсетумен байланысты комиссия ұсталмайтын не кейбір қызмет ақысын төлеуге жеңілдік берілетін не Негізгі борыш және/немесе Сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыратын, не Берешекті өтеудің жеңілдік тәртібі немесе Келісімнің талаптарын өзге жеке уақытша жақсартулар қолданылатын уақыт кезеңі, соның ішінде Касрі айқындайтын грейс-кезең. Жеңілдік кезеңі бір немесе бірнеше адамға, бір немесе бірнеше Операцияға қатысты Касрі айқындайтын уақыт аралығында қолданылуы мүмкін. Касрі Жеңілдік кезеңін беру талаптарын тиісті ақпаратты Сайтта жариялау арқылы және/немесе өзге Байланыс арнасы арқылы хабарлайды.
- 11) Несие желісінің ең көп сомасы – Келісімде айқындалған барлық Несиелердің (қарыз Операцияларының) және Несие желілерінің ең көп жалпы сомасы, сондай-ақ Келісімге сәйкес берілуі мүмкін Несие желісінің аясындағы Несие лимиттерінің сомасының шекті мөлшері;
- 12) Қаржыландырудың ең ұзақ кезеңі – қатарынан келетін Есеп айырысу кезеңдерінің сандық мәнімен айқындалатын уақыт кезеңі, осы кезеңде тек Ең аз төлемдер салынған жағдайда ғана Берешек өтеледі;
- 13) Ең аз төлем – тиісті Есеп айырысу кезеңіндегі ай сайынғы төлем, соның ішінде Сыйақы, Қаржыландырудың ең ұзақ кезеңінде Берешек болған кезде Серіктес оны төлеуге міндетті;
- 14) Мобильді нөмір – Серіктестің Қосылуға өтініште және/немесе Жеке кабинетте көрсеткен Серіктестің мобильді телефонының нөмірі;
- 15) Қамсыздандыру – Келісім бойынша Серіктестің міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін Касрі-ге берілген кепіл, кепілдік, кепілдеме, соның ішінде заттай кепілдеме және міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін өзге тәсілдер;
- 16) Қамсыздандыру жарнасы – осы Қосымшаның талаптарына сай Серіктес Келісім бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамсыздандыру ретінде беретін ақша сомасы;
- 17) Операция – Шоттарда көрсетілуге тиіс кез келген операция (транзакция), соның ішінде қарыз Операцияларын (Несие есебінен шығыс Операцияларын) қосқанда шығыс Операциялары, Шоттарға қолма-қол ақшамен не қолма-қол ақшасыз тәсілмен ақша салу; Қамсыздандыру жарнасына ақша салу; қайтарылған төлемдер; Берешекті өтеу есебіне Касрі-дің ақшаны есептен шығаруы; Келісім мен осы Қосымшаға сәйкес Шоттардан есептелген ақыны, соның ішінде Сыйақыны, комиссияны есептен шығару; Серіктестің Шоттарында көрсетілуге тиіс басқа операциялар;

- 18) Оңтайлы төлем – бір айдан тұратын Есеп айырысу кезеңінің соңғы күні Серіктес бір немесе барлық Несие лимиті бойынша Берешекті толық өтеу үшін Келісім бойынша Kaspi-ге төлеуге міндетті төлем мөлшері;
- 19) Негізгі борыш – Серіктес қайтармаған (төлемеген) Несие сомасы;
- 20) Серіктес – Kaspi-ден Несие желісін алу туралы ұсыныс алған және Келісім жасасқан заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер;
- 21) Артық төлем – Клиент төлеуге тиіс Сыйақы сомасы, ол Дербес талаптарды көрсетіледі;
- 22) Дербес талаптар – жеке талаптар туралы, соның ішінде Шоттан Kaspi.kz-пен сатудан түскен бекітілген сомамен есептен шығару, Ең аз төлем, Сыйақы, Несие желісі, Несие лимитінің мөлшерлері, Несие және (немесе) Жеңілдік кезеңін, Сыйақының мөлшеріне жеңілдік ұсынуынан көрінетін Kaspi-дің қызмет көрсетуіндегі жақсартулар туралы ақпарат және/немесе Kaspi айқындаған, Келісім жасалған сәтте және/немесе Тарифтік жоспарда айқындалған талаптарды жақсартуға бағытталған қызмет көрсетудің өзге параметрлері, атап айтқанда, Несие желісінің Ең көп сомасын арттыру, Несиенің және/немесе Несие желісінің мерзімін және/немесе Қаржыландырудың ең ұзақ кезеңін ұлғайту;
- 23) Клуб ережесі – Клубқа қатысу талаптарын, Клубқа қосылу, Клубтың аясында қатысушыларға қызмет көрсету ережелері мен тәртібін айқындайтын, Сайтта орналастырылған құжат;
- 24) Kaspi.kz-пен сату – [www.kaspi.kz/shop](http://www.kaspi.kz/shop) сайтындағы тапсырыстар арқылы Серіктес өткізген және (немесе) сатып алушылар Kaspi-де алынған зат сатып алуға несиені, Kaspi Red клубтық картасын және (немесе) Kaspi Gold картасын және (немесе) басқа банктердің карталарын пайдаланып, соның ішінде QR-код арқылы төлеген және (немесе) бір Байланыс арнасымен Серіктеске жеткізілген, Kaspi-дің қалауы бойынша өзге тәртіппен айқындалатын тауарлар/жұмыстар/қызмет көрсетулер үшін Шотқа түсетін ақша сомасы
- 25) Есеп айырысу кезеңі – бір айға тең уақыт кезеңі. Бірінші Есеп айырысу кезеңі бірінші Несие берілген күннен не Дербес талаптарда айқындалған не Kaspi байланыс арнасы бойынша хабарлаған өзге күннен бастап есептеледі. Кейінгі Есеп айырысу кезеңдері алдыңғы Есеп айырысу кезеңі өткен күннен бастап есептеледі;
- 26) Серіктес туралы мәліметтер – Серіктестерге БҚКШ-ны жасасу үшін және (немесе) Несие алу үшін, Келісім жасасу үшін Серіктес Kaspi-ге берген/беретін құжаттар мен мәліметтер, оларда Серіктес, оның уәкілетті тұлғалары туралы ақпарат және Серіктес қол қойған және Kaspi-ге берген және/немесе Серіктес Байланыс арналары арқылы, Kaspi көздеген тәсілмен хабарлаған өзге құжаттар мен мәліметтер қамтылған;
- 27) Келісім – Kaspi-дің Серіктеске төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық талаптарымен Несиелер беруі үшін Несие желісін беру туралы келісімнің талаптарында жасалатын, Серіктестерге БҚКШ-ның ажырамас бөлігі болып табылатын шарт;
- 28) Несиелеу мерзімі – қатар келетін Есеп айырысу кезеңдерінің сандық мәнімен айқындалатын уақыт кезеңі, несиелеу мерзімінде Берешек Ең аз төлемдерді төлеу арқылы өтеледі;
- 29) Шот – Серіктестің Kaspi-де ашылған банктік шоты;
- 30) Тарифтік жоспар – Қызмет көрсету түрлері бойынша тарифтердің тобының атауы, оған қызмет көрсетудің кейбір талаптары және шарттар бойынша Kaspi-дің кейбір тарифтері кіреді;
- 31) Тарифтер – Kaspi-дің қызмет ақысын төлеген күні қолданылатын, Kaspi бекіткен, Kaspi-дің қызметімен байланысты оның қызметтері үшін ақы мен комиссия мөлшерлемелері;
- 32) ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

2.2. Осы Қосымшада пайдаланылатын кейбір терминдер мен анықтамалар Сайтта орналастырылған Серіктестерге БҚКШ-да, Клуб ережесінде айқындалған мағынасында пайдаланылады.

### 3. Несие желісінің талаптары

- 3.1. Серіктестің Kaspi-дің алдындағы берешегі Серіктестің Несиелерді алуының; Kaspi-дің Сыйақыны, Серіктес алған Несиесі үшін төлеуге тиіс комиссияларды, тұрақсыздық айыбын есептеуінің; Берешектің пайда болуына әкелген өзге де жағдайлардың нәтижесінде пайда болады.
- 3.2. Kaspi-дің шотына ақша түскен күн Келісім бойынша төлем күні болып есептеледі. Егер Kaspi-дің кассасында төлем Нұр-Сұлтан қ. уақытымен сағат 18:00-ден кейін жасалса, мұндай төлем төлем күнінен кейінгі бірінші жұмыс күні жасалған болып есептеледі.
- 3.3. Несие желісінің Ең көп сомасының мөлшері Несие лимитінің Ең көп сомасы болып табылады.
- 3.4. Жасалған Келісімге сәйкес берілетін Несие лимитінің мөлшерін Kaspi Серіктес ұсынған ақпараттың, сондай-ақ кредиттік бюронның деректер базасындағы ақпаратты қосқанда (бірақ онымен шектелмей), басқа да қолда бар мәліметтердің негізінде Серіктеске несиелік скоринг жүргізу нәтижесінде және т.б. өз бетінше белгілейді. Несие лимиті өтелгеннен кейін немесе оның қолданылу мерзімі ішінде Kaspi Серіктеске жаңа Несие лимитін/қосымша Несие лимитін беруге құқылы. Серіктестің Несие лимитін пайдалануы, соның ішінде Несиелер алуы Несие лимитін белгілеумен, оның мөлшерімен келіскені болады.
- 3.5. Егер Kaspi Байланыс арналары арқылы өзгесін хабарламаса, белгіленген Несие лимиті берілген сәттен бастап Серіктеске қолжетімді болады. Серіктестерге БҚКШ бұзылған жағдайда, Несие лимитіне қолжетімділік тоқтатылады және Серіктес Берешекті Серіктестерге БҚКШ тоқтатылған Есеп айырысу кезеңі аяқталған күннен кешіктірмей Келісім бойынша Оңтайлы төлемді төлеу арқылы өтеуге міндетті.
- 3.6. Несие лимитінің көбейтілгені немесе жаңа Несие лимитін беру туралы Серіктеске Байланыс арналарымен хабарланады. Бұл ретте жаңадан берілген Несие лимиті бұрын берілген Несие лимитінің мөлшерінен аз немесе көп болуы мүмкін және ол берілген күннен бастап Серіктеске қолжетімді болады.
- 3.7. Дербес талаптарды Kaspi өз қалауы бойынша айқындайды және оларда Келісіммен және осы Қосымшамен салыстырғанда Серіктестің жағдайын нашарлататын талаптар көзделмейді. Kaspi Келісімде және (немесе) осы Қосымшада көзделген талаптармен салыстырғанда Сыйақының, комиссиялардың көбеюін кездейтін Дербес талаптарды жазбаша нысандағы не Байланыс арналарымен Серіктестің келісімі алынған жағдайда бере алады. Kaspi қосымша хабарлама жолдамастан немесе ондай хабарламаны Байланыс арналарымен жолдап, Дербес талаптарды толығымен немесе бөлігінде кері қайтарып алуға құқылы.
- 3.8. Несиеге қызмет көрсетумен байланысты комиссиялар тек Талаптардың келісімімен ғана өзгертілуге тиіс, оған осы Қосымшада көзделген тәртіппен және жағдайларда комиссия мөлшерлерін азайтқан, соның ішінде уақытша азайтқан жағдайлар қосылмайды.
- 3.9. Ең аз төлем осы Қосымшада көзделген тәртіппен төленуге тиіс.
- 3.10. Егер Серіктес Kaspi-мен ерекше қатынастармен байланысқан тұлға болса, іс жүзінде берілетін Несие желісі Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарының ережелері ескеріліп, заңнамада белгіленген мөлшерден аспайды.

### 4. Несиені өтеу ерекшеліктері

4.1. Несие Есеп айырысу кезеңінің соңғы күні Оңтайлы төлеммен өтеледі. Оңтайлы төлемді салмаған жағдайда Серіктес Ең аз төлемді салуға міндетті. Ең аз төлем сомасы Жеке кабинетте көрсетіледі және Оңтайлы төлем мөлшерінен аз соманы құрайды. Серіктестің Оңтайлы төлемді төлеуі келесі Есеп айырысу кезеңі аяқталғанға дейін Оңтайлы төлемді төлеу мерзімін 1 айға кейінге қалдыруға әкеледі және Ең аз төлемді төлеген кезде Берешекті өтеу міндеттемелері тиісінше орындалған болады. Оңтайлы төлемді төлеу мерзімін кейінге қалдыруды берген жағдайда, келесі Есеп айырысу кезеңіне Сыйақы мөлшерін Kaspi Жеке кабинетте хабарлайды. Kaspi өз қалауы бойынша Оңтайлы төлемді төлеу мерзімін кейінге қалдыруды беруге шектеу қоюға құқылы.

4.2. Есеп айырысу кезеңі ішінде Kaspi ақшаны Шоттан Kaspi.kz-те сатудан түскеннен бекітілген сомамен айқындалған мөлшерде Қамсыздандыру жарнасына есептен шығарады, олардың мөлшерін Kaspi айқындап, Несие алынғанға дейін Kaspi-дің қалауы бойынша Жеке кабинетте немесе өзге Байланыс арнасымен Серіктеске хабарлайды.

Есеп айырысу кезеңінің соңғы күні Оңтайлы төлем өтелмеген жағдайда, Қамсыздандыру жарнасындағы ақша Есеп айырысу кезеңінің соңғы күні Ең аз төлемді өтеуге жіберіледі.

4.3. Kaspi ақшаны Шоттан оны тікелей дебеттеу арқылы, күн сайын, Несие берілген күннен кейінгі күннен бастап Kaspi.kz-те сатудан түскеннен бекітілген сомамен есептен шығарады. Шотқа Kaspi.kz-те сатудан түсімдер болмаса, сондай-ақ Келісім бойынша мерзімі өткізілген берешек болған кезде Kaspi.kz-те сатудан түскеннен бекітілген сомамен есептен шығару жүргізілмейді. Мерзімі өткізілген берешекті өтеу үшін есептен шығару, сондай-ақ берешекті өндіру шараларын қолдану Келісімде, соның ішінде осы Қосымшада және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

4.4. Егер өзгесі Жеке кабинетте немесе өзге Байланыс арналарымен хабарланбаса, Несие бойынша қатарынан келетін 48 Есеп айырысу кезеңі өткен соң мұндай Несие бойынша Оңтайлы төлемді төлеу бойынша мерзімін кейінге қалдыру берілмейді.

4.5. Егер ағымдағы Есеп айырысу кезеңінің соңғы күні Есеп айырысу кезеңі үшін Несие бойынша жалпы өтеу сомасы Несие бойынша Ең аз төлем сомасынан аз болса, Берешек болған кезде Kaspi Несие бойынша Ең аз төлемнің өтелмеген бөлігін Шоттан, Kaspi-де ашылған кез келген өзге банктік шоттардан оларды тікелей дебеттеу арқылы есептен шығарады. Бұл ретте Серіктес Шотта әр Несие бойынша Ең аз төлемді толық өтеуге жеткілікті ақша сомасымен қамтамасыз етуге міндетті.

4.6. Ең аз төлемді төлеу міндеттемелері бұзылған жағдайда, тиісті Есеп айырысу кезеңінде өтелмеген Сыйақының, Негізгі борыштың мерзімі өткізілген болады.

4.7. Берешекті толығымен немесе ішінара мерзімінен бұрын өтеу Мобильді қосымшада көзделген әрекеттерді жасау арқылы, Kaspi кассаларында өтеуге ақшаны нақты салу арқылы және/немесе өзге тәсілмен жүзеге асырылады, ол Серіктеске Байланыс арналарының бірімен жеткізіледі. Kaspi ұсынған өтеу тәсілімен келіскенін Серіктес Байланыс арналары арқылы білдіреді.

Серіктеске Келісім бойынша Берешекті мерзімінен бұрын толық өтеу туралы талап немесе Оңтайлы төлемді төлеу мерзімін кейінге қалдыруды ұсынуды тоқтату туралы хабарлама жолданған күннен бастап Шоттағы барлық ақша Берешекті өтеуге жіберіледі.

4.8. Келісімге қол қоя отырып, Серіктес заңнамада, Келісімде, осы Қосымшада көзделген жағдайларда Kaspi-де ашылған Серіктестің банктік шоттарын, соның ішінде Ең аз төлемдерді, соның ішінде мерзімі өткізілгендерді есептен шығару үшін, Негізгі борышты, Сыйақының, соның ішінде мерзімі өткізілгенді, есептелген өсімпұлды өтеу үшін тікелей дебеттеуге келісім береді.

4.9. Kaspi кез келген үшінші тұлғаның Келісім бойынша міндеттемелерді орындағанын қабылдауға құқылы.

4.10. Есеп айырысу кезеңінің күні Серіктеске Байланыс арналарының бірімен хабарлап, Kaspi-дің ұсынысының болуымен шектелген Серіктестің таңдауы бойынша терминалдың интерактивті мәзірі, Серіктестің Жеке кабинеті, Мобильді қосымша немесе өзге Байланыс арналары арқылы өзгертілуі мүмкін. Серіктес растайтын әрекеттерді орындаған жағдайда, Есеп айырысу кезеңінің күні Серіктестің нұсқауы бойынша өзгертілген болып саналады және қосымша келісім жасасу талап етілмейді.

4.11. Егер өзгесі Дербес талаптарда көзделмесе немесе Байланыс арналарының бірімен Серіктеске хабарланбаса, әр кейінгі Есеп айырысу кезеңіндегі Операцияларды есепке алу алдыңғы Есеп айырысу кезеңі аяқталған күні басталады.

## 5. Несиені өтеу кезектілігі

5.1. Серіктес жасаған төлем сомасы, егер ол Серіктестің Келісім бойынша міндеттемелерін орындауға жеткіліксіз болса, Серіктестің берешегін келесі кезектілікпен өтейді:

- 1) Негізгі борыш бойынша берешек;
- 2) Сыйақы бойынша берешек;
- 3) тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
- 4) ағымдағы төлем кезеңі үшін Негізгі борыш сомасы;
- 5) ағымдағы төлем кезеңі үшін есептелген Сыйақы;
- 6) Несиені берумен және оған қызмет көрсетумен байланысты комиссиялар мен өзге төлемдер;
- 7) орындауды алу бойынша Kaspi-дің шығасылары.

Мерзімін өткізудің қатарынан күнтізбелік тоқсан күні өткен соң Серіктестің Келісім бойынша жасаған төлемінің сомасы, егер ол Серіктестің Келісім бойынша міндеттемелерін орындауға жеткіліксіз болған жағдайда, Серіктестің берешегін келесі кезектілікпен өтейді:

- 1) Негізгі борыш бойынша берешек;
- 2) Сыйақы бойынша берешек;
- 3) ағымдағы төлем кезеңі үшін Негізгі борыш сомасы;
- 4) ағымдағы төлем кезеңі үшін есептелген Сыйақы;
- 5) тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
- 6) Несиені берумен және оған қызмет көрсетумен байланысты комиссиялар мен өзге төлемдер;
- 7) орындауды алу бойынша Kaspi-дің шығасылары.

5.2. Kaspi-дің Байланыс арналарымен жасаған тиісті ұсынысы болған кезде, Серіктес Kaspi ұсынған Берешекті өтеу есебіне түсетін ақшаны бөлудің нұсқасын таңдауға құқылы.

## 6. Серіктес міндеттемелерін бұзған кезде Kaspi-дің қолданатын шаралары

6.1. Осы Қосымшаның 8.3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Келісім бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі өткен кезде Серіктеске жіберілген хабарламадан туындайтын Kaspi-дің талаптары қанағаттандырылмаған кезде, Kaspi заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және заңнамада көзделген өзге де жағдайларда жеке тұлға – Серіктестің талабы бойынша ашылған банктік шоттардағы ақшаны (мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер түрінде жеке тұлға болып табылатын Серіктес алатын ақшаны, алименттерді

(кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны қоспағанда) кез келген банкте және/немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған Серіктестің банктік шоттарына қойылатын төлем талабы негізінде тікелей дебеттеу арқылы Келісім бойынша Серіктестің мерзімі өткізілген міндеттемелерін (берешектерін) орындау (өтеу) үшін; б) Серіктестің Kaspi-де ашылған банктік шоттарына қойылатын Kaspi-дің төлем құжаттары (төлем ордері) негізінде тікелей дебеттеу арқылы мерзімі өткізілген және ағымдағы міндеттемелерді орындау үшін даусыз тәртіппен өндіріп алуға, алуға (есептен шығаруға) құқылы.

Ақшаны Келісім бойынша берешек өтелуі тиіс валютадан өзгеше валютада алған жағдайда, алынған ақша мұндай берешек өтелуі тиіс валютаға Kaspi-дің бағамы бойынша, Kaspi-дің тарифтеріне сай кросс-операциялар (бір валютаны басқасына айырбастау) үшін комиссия ұсталып айырбасталады. Серіктестің басқа банктерде және/немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы шоттарынан ақшаны есептен шығарған жағдайда, Серіктес мұндай алуға (есептен шығаруға) байланысты Банктің барлық шығындарын өтейді.

6.2. Серіктес Келісім және/немесе Қамсыздандыру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған кезде, осы Қосымшаның 8.3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Келісім бойынша міндеттемелерін орындау мерзімін өткізген кезде, сондай-ақ жеке тұлға – Серіктес осы Қосымшаның 8.1-тармағының 7) тармақшасында көзделген құқықтарды жүзеге асырмағанда не жеке тұлға – Серіктес пен Kaspi-дің арасында келісім болмағанда, Серіктеске жолданған хабарламадан шығатын Kaspi-дің талаптары қанағаттандырылмаған жағдайда, әлдекім жасалған шарттардың талаптарын даулағанда, Клуб ережесі бұзылған жағдайда, сондай-ақ, егер Келісім жасалғанға дейін немесе жасалғаннан кейін Серіктестің берген кез келген ақпараты Келісім қолданылған кезеңде жарамсыз (шынайы емес) болғанда немесе болып қалса, осы Қосымшаның 6.1-тармағында көзделген шаралардан басқа Kaspi мына шараларды қолдануға құқылы:

- 1) Берешекті сот және соттан тыс тәртіппен өндіріп алу;
- 2) Келісімді біржақты тәртіппен бұзу;
- 3) Серіктеске қатысты шара қолдану туралы мәселені қарастыру;
- 4) Келісімді және (немесе) осы Қосымшаны орындау талаптарын өзгерту. Келісімді және (немесе) осы Қосымшаны орындау талаптары Келісімде және (немесе) осы Қосымшада көзделген тәсілмен өзгертіледі;
- 5) Серіктестен ҚР АҚ-тің 728-бабында көзделген шектеулерді ескере отырып, Келісім бойынша барлық міндеттемелерін мерзімінен бұрын (Kaspi талап жолдаған сәттен бастап күнтізбелік он күннің ішінде) орындауды (соның ішінде Несиені мерзімінен бұрын қайтаруды және Сыйақы төлеуді) талап ету;
- 6) Дербес талаптарды толығымен немесе ішінара (аралық төлемнің белгіленген мөлшерін қосқанда) кері қайтарып алу;
- 7) берілген Несиелер бойынша Сыйақыға жеңілдіктер беруді алып тастау;
- 8) Серіктестің Келісім бойынша міндеттемелерін бұзуымен байланысты шығыстар мен шығындарды өтеуді Серіктестен талап ету;
- 9) төлем жасау мерзімін өткізген әр күн үшін Серіктестен, егер өзгесі заңнамада тікелей көзделмесе, мерзімі өткізілген Негізгі борыш сомасының және Сыйақының 0,5%, бірақ заңнамада және Келісімде белгіленген шекті сомадан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуін талап ету;
- 10) Серіктес Несие алған кезде берілген кез келген деректің өзгергені туралы тиісті өзгерістер болған сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде хабарламаған жағдайда – Серіктестен он мың теңге мөлшерінде айыппұл өндіру;
- 11) Несие ұсынуды (беруді) және қарыз Операцияларын жүргізуді тоқтата тұру немесе тоқтату;
- 12) Несие желісінің мөлшерін азайту, Несие желісін жаңарту талабының күшін жою;
- 13) Қамсыздандырудан өндіріп алу және Қамсыздандыру туралы шарттарда көзделген өзге шараларды қолдану;
- 14) Оңтайлы төлем мерзімін кейінге қалдыруды бермеу және/немесе Келісімді орындаудан бас тарту;
- 15) берешекті сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беру;
- 16) заңнамаға сәйкес үшінші тұлғаға Келісім бойынша құқықты (талап ету) табыстау;
- 17) банк құпиясын құрайтын және Серіктес кез келген үшінші тұлғаға хабарлаған өзге мәліметтерді, атап айтқанда, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау, Берешек сомасын қайтару жұмыстарын жүргізу мақсатында, Келісім бойынша құқықтарды қайта беру немесе Берешекті сотқа дейін реттеу үшін коллекторлық агенттікке беру арқылы ашу;
- 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Қосымшада көзделген өзге шараларды қолдану, соның ішінде Келісім бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы талап арызбен сотқа жүгіну, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, соттан тыс тәртіппен не сот тәртібімен кепілге қойылған мүлктен өндіріп алу;
- 19) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктес – жеке кәсіпкерді, заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгіну.

6.3. Келісімде және осы Қосымшада аталған шараларды Kaspi Серіктестің борыштық жүктемесінің көбеюін болдырмау үшін мына жағдайларда: Келісім және/немесе Қамсыздандыру туралы шарт бойынша кез келген өзге міндеттемелер орындалмаған кезде, Келісім бойынша міндеттемелерін орындау мерзімін өткізген кезде не олардың басталуының нақты қауіп төнген кезде Серіктеске жолданған хабарламадан шығатын Kaspi-дің талаптары қанағаттандырылмаған жағдайда, соның ішінде Несие бойынша кезекті төлемді, соның ішінде Ең аз төлемді өтеуге Серіктестің қаражаты болмаған кезде және/немесе олардың түсу болашағы болмағанда, Kaspi.kz-пен сату орташа күндік сату көрсеткішінен 5%-дан көп төмендесе, кез келген негіз бойынша Серіктестің Клубқа қатысуы және/немесе Kaspi.kz-пен сатуды қамтамасыз ететін шарттардың қолданысы тоқтатылғанда, шарттарды жасасқанда немесе қарыз Операцияларын жүргізгенде Серіктестің шынайы емес мәліметтерді беру фактісі анықталғанда, Клуб ережесі бұзылғанда, егер Серіктес сот процесіне тартылса, соның ішінде алынған несиелерді және/немесе Келісімнің талаптарын дауласа және/немесе, егер Серіктестің мүлкіне және/немесе оның шоттарына тыйым салынса немесе одан өндіріп алынса (немесе осының нақты қауіп төнсе), шот бойынша шығыс операциялары тоқтата тұрылса немесе өзге шектеулер, орындалмаған талаптар болса, Серіктестің психоневрологиялық диспансерлерге, психиатриялық клиникаларға, есірткілік немесе алкогольдік тәуелділікті емдейтін клиникаларға жатқызылғаны туралы ақпаратты алғанда, сондай-ақ өзге жағдайларда, олар, Kaspi-дің пікірінше, Серіктестің төлем қабілеттілігіне және оның Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігіне жағымсыз әсер ету мүмкін болса, қолдануға құқылы. Kaspi сондай-ақ берілген Несие бойынша сыйақы түрінде кірістерді және Kaspi-ге тиесілі өзге төлемдерді тануды, соның ішінде комиссиялар мен айып санкцияларын (тұрақсыздық айыбын және өзге) және/немесе оларды алдағы уақытта есептеуді, соның ішінде Берешекті мерзімінен бұрын өтеу туралы талап қойылған жағдайларда, сондай-ақ өзге жағдайларда тоқтатуға құқылы.

6.4. Мына жағдайларда:

- 1) Серіктес Kaspi-дің алдындағы өз міндеттемелерін, Клуб ережесін бұзғанда;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Kaspi жүргізетін мониторингтің нәтижесі бойынша анықталған Серіктестің қаржылық жағдайы нашарлағанда;
- 3) Kaspi-дің Келісімді тиісінше орындауына әсер ететін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары өзгергенде;

- 4) егер Несие беру нәтижесінде Kaspi мемлекеттік органдардың белгілеген кез келген нормативін, оған қоса, бірақ шектелмей, пруденциалдық нормативтер туралы ережені бұзса;
- 5) егер Серіктестің банктік шот(-тар)ындағы ақшаға тыйым салынса немесе ақшадан өндірілсе не оның нақты қаупі болғанда, немесе инкассалық өкім және/немесе төлем талабы қойылса және/немесе Серіктестің өзге ақшасы есебінен Kaspi орындай алмайтын өзге талаптар болса;
- 6) Kaspi.kz-пен сату орташа күндік сату көрсеткішінен 5%-дан көп төмендесе;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында, соның ішінде Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылжыстату) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген жағдайларда, соның ішінде Kaspi-ге сұратылған құжаттарды және/немесе осы Қосымша және/немесе Серіктестерге БҚКШ бойынша мәліметтерді бермегенде;
- 8) Серіктестің және (немесе) Қамсыздандыруды берген үшінші тұлғаның таратылуы немесе қайта ұйымдастырылуы болжанса;
- 9) Kaspi-ге алдын ала жазбаша хабарламай, акционерлік қоғамның (шаруашылық серіктестіктің) акцияларының (қатысу үлесінің) жиынтығында он және одан көп пайызын иеленетін Серіктестің қатысушыларының (акционерлерінің) құрамы өзгергенде;
- 10) Серіктестің негізгі және (немесе) қосымша қызмет түрін жүргізуге берілген лицензиясы (өзге рұқсаты) тоқтата тұрылғанда немесе кері қайтарылғанда;
- 11) Серіктестің және (немесе) Қамсыздандыруды берген заңды тұлғаның бірінші басшысының және (немесе) құрылтайшысының және (немесе) ірі акционерінің (дауыс беруші акцияларының/үлесінің жалпы санының 10%-ынан көп үлесімен) азаматтығы өзгергенде және (немесе) аталған тұлғалар уақытша немесе тұрақты тұруға Қазақстаннан тысқары кеткенде;
- 12) егер төменде аталған кез келген жағдай басталғанда немесе, Kaspi-дің пікірінше, Серіктестің, Қамсыздандыруды берген үшінші тұлғаның Келісім және/немесе Қамсыздандыру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы (тиісінше орындамауы) қаупі болғанда, оған қоса, бірақ шектелмей, келесі кез келген жағдайға байланысты: әлдекім Келісімнің және/немесе Қамсыздандыру туралы шарттың шынайылығын даулағанда; егер Серіктестің және (немесе) үшінші тұлғаның Kaspi-ге берген құжаттары және (немесе) ақпараты шынайы және (немесе) толық болмағанда; Серіктес қайтыс болғанда немесе із-түссіз жоғалғанда; Серіктестің үшінші тұлғаның алдында Берешектен асатын сомаға міндеттемелері туындағанда немесе бар екені анықталғанда; Серіктес және/немесе Қамсыздандыруды берген үшінші тұлға өзінің кез келген растамасы мен кепілдігін бұзғанда; Серіктес заңнаманың талаптарын бұзғанда, ол Серіктестің Kaspi-дің алдындағы міндеттемелерін бұзуына әкелгенде немесе әкелуі мүмкін болғанда; Серіктес үшінші тұлғалардың алдындағы кез келген міндеттемесін бұзғанда; кез келген себеппен Қамсыздандырудың құжаттар бойынша және нақты болуын, мөлшерін, жай-күйін және оны сақтау жағдайларын, Несиенің мақсатсыз пайдаланылуын және (немесе) Несиенің мақсатына сай пайдаланылуын растауға қажетті құжаттаманың уақтылы берілмеуін тексеруге Kaspi-дің мүмкіндігі болмағанда; Серіктес және (немесе) Қамсыздандыруды берген үшінші тұлға туралы жағымсыз ақпарат анықталғанда; Серіктесті салық органдары әрекетсіз деп таныған салық төлеушілердің тізіміне қосқанда, Қамсыздандырудың (кепіл мүлкінің) құнының осындай мүлікті қайта бағалау нәтижесі бойынша төмендегенде және (немесе) Қамсыздандыру жоғалғанда, кепіл мүлкін сақтандыру шарты болмағанда немесе көзделген сақтандыру өтемі немесе сақтандыру жағдайлары жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ Қамсыздандырудың (кепіл мүлкінің) жай-күйінің, Kaspi-дің пікірінше, оның құнының елеулі түрде төмендеуіне әкелген кез келген өзгерісі кезінде; Келісім қолданылған кез келген уақытта Серіктестің қаржылық жағдайы нашарлағанда; Kaspi-дің талап етуімен (Kaspi-дің талаптарын қанағаттандыратын) Несиені өтеу көзі болып табылатын кірісті көрсететін және растайтын құжаттарды бермегенде; Серіктестің және (немесе) Қамсыздандыруды берген үшінші тұлғаның азаматтығы өзгергенде және (немесе) уақытша немесе олар тұрақты тұруға Қазақстан Республикасынан тысқары кеткенде, Kaspi Несие беруді біржақты тәртіппен тоқтата тұруға немесе тоқтатуға, сондай-ақ Оңтайлы төлем мерзімін кейінге қалдыруды беруді тоқтатуға құқылы.

## 7. Серіктес Kaspi-ге ұсынатын есептіліктің түрлері мен мерзімдері

7.1. Заңды тұлға болып табылатын Серіктес Kaspi-ге қаржылық есептілікті (қоса, бірақ шектелмей, бухгалтерлік балансты, пайда мен шығын туралы есепті; ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті; капиталдағы өзгерістер туралы есепті; негізгі қаражаттың, дебиторлық, кредиторлық берешектің, пайда мен шығын туралы есептің толық жазбасын; түсіндірме жазбаны) ұсынады. Жеке кәсіпкер болып табылатын Серіктес болған кезде бухгалтерлік балансты, пайда мен шығын туралы есепті; ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті; капиталдағы өзгерістер туралы есепті; негізгі қаражаттың, дебиторлық, кредиторлық берешектің, пайда мен шығын туралы есептің толық жазбасын; түсіндірме жазбаны ұсынады. Серіктес аталған құжаттарды Kaspi-ден мұндай сұратуды алған сәттен бастап күнтізбелік жеті күннің ішінде ұсынады.

7.2. Серіктес Kaspi-дің талап етуімен тиісті күнге және (немесе) кезеңге сұратылған өзге құжаттарды (қоса, бірақ шектелмей, банктік шоттар бойынша үзінді көшірмелер, үшінші тұлғалардың алдында міндеттемелерінің бар-жоғы туралы ақпарат) Kaspi-ден мұндай сұратуды алған сәттен бастап күнтізбелік жеті күннің ішінде ұсынуға міндетті.

## 8. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

### 8.1. Серіктестің:

- 1) егер Негізгі борышты және (немесе) Сыйақыны өтейтін күн демалыс не мереке күнге сәйкес келген жағдайда, Негізгі борышты және (немесе) Сыйақыны тұрақсыздық айыбын және айып санкцияларының өзге түрлерін төлеместен, одан кейінгі жұмыс күні төлеуге;
- 2) өтініш бойынша үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Келісім бойынша борышты өтеу есебіне түсетін ақшаның (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айып санкцияларының өзге түрлеріне, сондай-ақ басқа төленуге тиіс сомаға) бөлінгені туралы ақпаратты айына жиілігі бір рет ақысыз жазбаша нысанда алуға;
- 3) Kaspi Келісім бойынша берген ақшаны толық немесе ішінара мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініш бойынша – ақысыз үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қайтарылуы тиіс соманың мөлшері туралы мәліметтерді (Негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айып санкцияларының өзге түрлеріне, сондай-ақ төленуге тиіс басқа сомаға бөліп) жазбаша нысанда алуға;
- 4) тұрақсыздық айыбын немесе айып санкцияларының өзге түрлерін төлеместен, бір жылға дейінгі мерзімге берілген Несиені алған күннен бастап алты ай өткен соң, бір жылдан көп мерзімге берілген Несиені алған күннен бастап бір жыл өткен соң Несиені ішінара немесе толық көлемде мерзімінен бұрын өтеуге;
- 5) Келісімнің талаптарын Серіктес үшін жақсарту жағына оларды өзгерту туралы хабарламаны алған күннен бастап

күнтізбелік он төрт күннің ішінде Kaspi ұсынған жақсартатын талаптардан Келісімде көзделген тәртіппен бас тартуға;

- 6) алған қызметтер жөнінде даулы жағдайлар туындаған кезде Kaspi-ге жазбаша өтініш білдіруге;
  - 7) жеке тұлға болып табылатын Серіктес Келісім бойынша міндеттемелердің мерзімінің өтуі басталған күннен бастап күнтізбелік 30 күннің ішінде Kaspi-ге баруға және/немесе өзінің Келісімінің талаптарына, оның ішінде: Келісім бойынша Сыйақыны азайту жағына қарай өзгертуге; шетел валютасымен берілген Несие бойынша Негізгі борыштың қалдық сомасының валютасын ұлттық валютаға өзгертуге; Негізгі борыш және (немесе) Сыйақы бойынша төлем мерзімін кейінге қалдыруға; берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде Негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге; Несиенің мерзімін өзгертуге; мерзімі өткізілген Негізгі борышты және (немесе) Сыйақыны кешіруге, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың), Несиеге қызмет көрсетуге байланысты комиссиялардың және өзге төлемдердің күшін жоюға; «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-1-бабында көзделген тәртіппен ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті кепіл берушінің дербес өткізуіне; Kaspi-ге кепіл мүлкін беру арқылы Келісім бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемін ұсынуына; Келісім бойынша міндеттемені сатып алушыға бере отырып, ипотеканың мәні болып табылатын жылжымайтын мүліктің өткізілуіне байланысты өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін Келісім бойынша міндеттемелерді орындаудың мерзімі өтуінің туындау себептері, кірістер және басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтер қамтылған жазбаша нысандағы немесе Келісімде көзделген тәсілмен өтініш ұсынуға құқылы;
  - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге құқықтарды іске асыруға құқығы бар.
- 8.2. Kaspi:
- 1) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңының 34-бабының 3-тармағында көзделген, сондай-ақ осы Қосымша мен Келісімде белгіленген жағдайларда Келісімінің және/немесе осы Қосымшаның талаптарын Серіктес үшін оларды жақсарту жағына біржақты тәртіппен өзгертуге;
  - 2) Серіктес Несиенің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) Сыйақыны төлеу үшін белгіленген мерзімді күнтізбелік қырық күннен астам бұзған кезде, Несиені және Сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге;
  - 3) қандай да бір хабарлама жолдамастан, Серіктес Ең аз төлемді төлеу міндеттемелерін орындамаған жағдайларда, сондай-ақ Серіктес Kaspi-дің алдындағы міндеттемелерін тиісінше орындамаған өзге жағдайларда Оңтайлы төлемді төлеу мерзімін кейінге қалдыруды тоқтатуға;
  - 4) Келісім бойынша өзінің талап ету құқықтарын заңнамаға сәйкес үшінші тұлғаға толығымен немесе ішінара қайта беруге, сондай-ақ Берешекті өндіру үшін немесе орындау мерзімінің өткізілгені, Келісім бойынша төлем жасау қажеттілігі және міндеттемелерді бұзудың салдары туралы Серіктеске хабарлау үшін коллекторлық агенттіктерді тартуға құқылы. Бұл ретте Kaspi мұндай тұлғаларға мұндай әрекеттерді жасауға қажетті Келісімінің талаптары туралы ақпаратты ашуға, сондай-ақ мұндай тұлғаларға тиісті құжаттарды беруге құқылы;
  - 5) өз қалауы бойынша Несие желісінің мөлшерін көбейтуге, азайтуға;
  - 6) Серіктеске жаңа қызмет түрлерін мұндай жаңа қызметті көрсету талаптарын баспада немесе Сайтта жариялау арқылы көрсетуді көздеуге құқылы. Kaspi Серіктес үшін жаңа қызмет түрлерін көрсете бастаған жағдайда, мұндай қызмет түрлері Серіктеске оның жазбаша, ауызша немесе өзге келісімімен осындай жаңа қызмет түрін көрсету үшін белгіленетін тәсілмен білдірілген тәртіппен көрсетіледі;
  - 7) берілетін Несиелердің нысаналы мақсатын оны Дербес талаптарда көрсету не болмаса оларды берген күнге дейін Байланыс арналары арқылы Серіктеске жеткізу арқылы белгілеуге;
  - 8) кез келген уақытта Несиенің мақсатына сай пайдалануын бақылауға және оған мониторинг жүргізуге, Серіктестің қаржылық жағдайына мониторинг жүргізуге;
  - 9) Серіктес Kaspi-ге хабарласқан кезде онымен келіссөздерді жазып алуға, сондай-ақ жазбаны Серіктеске қызмет көрсету сапасын бақылау мақсатында мұндай хабарласу фактісін растау үшін пайдалануға;
  - 10) өзгерістер күшіне енген күннен кешіктірмей Байланыс арналарының бірімен хабарлай отырып, Kaspi.kz-пен сату сомасын есептеу үшін қолданылатын тәртіпті өзгертуге (соның ішінде есептеуге әсер ететін түсімдердің мазмұнын өзгертуге) құқылы.

8.3. Kaspi:

- 1) Серіктестің өтініш бойынша үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Келісім бойынша борышты өтеу есебіне түсетін ақшаның (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айып санкцияларының өзге түрлеріне, сондай-ақ басқа төленуге тиіс сомаға) бөлінгені туралы ақпаратты айына жиілігі бір рет ақысыз жазбаша нысанда беруге;
- 2) Серіктестің Несиеге берілген ақшаны Kaspi-ге толық немесе ішінара мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініші бойынша – ақысыз үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қайтарылуы тиіс соманың мөлшерін (Негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айып санкцияларының өзге түрлеріне, сондай-ақ төленуге тиіс басқа сомаға бөліп) оған хабарлауға;
- 3) Келісімінің талаптарын жақсарту жағына оларды өзгерткені туралы Серіктеске Келісімде көзделген тәртіппен хабарлауға;
- 4) міндеттемені орындаудың өткізіп алынған мерзімі болған кезде, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей осы Келісімде көзделген тәсілмен және мерзімдерде Серіктеске Келісім бойынша міндеттемелерді орындаудың мерзімін өткізіп алуының туындағаны және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткізіп алынған берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлем жасау қажеттігі; жеке тұлға Серіктестің Kaspi-ге өтініш білдіру құқығы; Серіктестің Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы хабарлауға;
- 5) Серіктестің жазбаша арызын қарастыруға және жазбаша жауап дайындауға;
- 6) жеке тұлға – Серіктестің жазбаша өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күннің ішінде Келісімінің талаптарына енгізілетін ұсынылған өзгерістерді қарастыруға;
- 7) Kaspi-дің Келісім бойынша (талап ету) құқығының үшінші тұлғаға өту талаптары қамтылған шартты (бұдан әрі – талап ету құқығын қайта беру шарты) жасасқан кезде:
  - талап ету құқығын қайта беру шарты жасалғанға дейін (талап ету) құқығының үшінші тұлғаға өтуі мүмкін екені, сондай-ақ осы Қосымшада және (немесе) Келісімде көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен мұндай қайта беруге байланысты Серіктестің Дербес деректерін өңдеу туралы;
  - Келісім бойынша (талап ету) құқығының үшінші тұлғаға өткені туралы осы Қосымшада және (немесе) Келісімде көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен талап ету құқығын қайта беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде Несиені өтеу бойынша үшінші тұлғаның алдағы уақыттағы төлемдердің мақсатын (Келісім бойынша (талап ету) құқығын өткен адамның атауы және орналасқан жері), берілген (талап ету) құқықтарының толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткізілген және ағымдағы сомасының қалдығын және басқа да төленуге тиіс соманы көрсетіп, Серіктеске (немесе оның уәкілетті өкіліне) хабарлауға міндеттенеді.

#### 8.4. Серіктес:

- 1) Берешекті Келісім мен Дербес талаптарға сәйкес өтеуге;
- 2) Клуб ережесін сақтауға;
- 3) шарттарды жасасқан кезде өзінің деректерінің өзгергені туралы, соның ішінде: Т.А.Ө., мекенжайының, жеке басын куәландыратын құжаттардың, ЖСН/БСН, үйінің, ұялы телефон нөмірінің, жұмыс телефонының нөмірінің, кіріс алу көзінің өзгергені туралы), жеке кәсіпкер мәртебесінен айырылғаны, сондай-ақ Серіктестің Несиені қайтару және Несие үшін ақыны, комиссияларды, өзге төлемдерді төлеу қабілетіне және/немесе Серіктесті сәкестендіруге әсер етуі мүмкін кез келген жағдай туралы Kaspi-ге үш жұмыс күні ішінде жазбаша немесе Байланыс арналары арқылы, Kaspi белгілеген тәртіппен және тәсілмен хабарлауға міндеттенеді.

8.5. Серіктестің Келісім бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін Kaspi-дің жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге (қайта беруге) құқығы жоқ.

## 9. Kaspi үшін шектеулер

### 9.1. Kaspi-дің:

- 1) Келісім жасалған күні белгіленген комиссиялардың және Несиеге қызмет көрсету бойынша өзге де төлемдердің мөлшерлері және олардың есептеу тәртібін біржақты тәртіппен көбейту жағына өзгертуге;
- 2) жасалған Келісімнің аясында комиссияның жаңа түрлерін және өзге төлемдерді біржақты тәртіппен енгізуге;
- 3) сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдауда Серіктесті, кепіл берушіні шектеуге, егер Несие беру туралы талаптарда сақтандыру және (немесе) Қамсыздандыру болып табылатын мүліктің нарықтық құнын анықтау мақсатында бағалау жүргізу туралы шарттар жасасу туралы талаптар көзделсе, сондай-ақ Серіктеске өз өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндетін жүктеуге;
- 4) жасалған Келісімнің аясында жаңа Несиелер беруді біржақты тәртіппен тоқтата тұруға, оған: Kaspi-де Несиені бермеу құқығы туындайтын, осы Қосымшада және Келісімде көзделген жағдайлар; Серіктес Kaspi-дің алдында Келісім және/немесе осы Қосымша бойынша өз міндеттемелерін бұзған; Kaspi заңнамаға, соның ішінде уәкілетті органның нормативтік актілеріне сәйкес жүргізетін мониторинг нәтижесі бойынша анықталған Серіктестің қаржылық жағдайы нашарлаған; Kaspi-дің Келісімнің және/немесе осы Қосымшаның талаптарын тиісінше орындауына әсер ететін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары өзгерген жағдайлар қосылмайды;
- 5) заңды тұлға болып табылатын Серіктеспен Келісім жасалған күні белгіленген сыйақы мөлшерлемесін біржақты тәртіппен көбейту жағына өзгертуге, оған: Серіктес Келісімде көзделген жағдайларда Несие алумен және оған қызмет көрсетумен байланысты шынайы ақпаратты беру бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайлар; Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда, сондай-ақ шартта көзделген келесі жағдайларда:
  - Kaspi-ге алдын ала жазбаша хабарламастан, акционерлік қоғамның (шаруашылық серіктестіктің) акцияларының (қатысу үлесінің) жиынтығында он және одан көп пайызын иеленуші Серіктестің қатысушыларының (акционерлерінің) құрамы өзгерген;
  - Серіктес және (немесе) кепіл беруші кепіл ұстаушы болып табылатын Kaspi-дің кепілге қойылған мүлікті құжаттар бойынша және нақты болуын, мөлшерін, жай-күйін және сақтау жағдайларын тексеру құқығын бұзған, сондай-ақ Серіктестің (кепіл берушінің) мүлкіне, соның ішінде Kaspi-ге кепілге берілген мүлікке үшінші тұлғалар талаптар келтірген жағдайларда Kaspi-де міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап ету құқығы туындаған жағдайлар қосылмайды;
- 6) несиелерді мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық айыбын немесе айып санкцияларының өзге түрлерін ұстауға құқығы жоқ, оған Негізгі борышты 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген Несиені алған күннен бастап 6 (алты) айға дейін, 1 (бір) жылдан көп мерзімге берілген Несиені алған күннен бастап 1 (бір) жылға дейін ішінара мерзімінен бұрын немесе толық мерзімінен бұрын өтеген жағдайлар қосылмайды;
- 7) тұрақсыздық айыбын немесе айып санкцияларының өзге түрлерін ұстауға құқығы жоқ, егер Негізгі борышты немесе Сыйақыны өтейтін күн демалыс не мереке күнге сәйкес келген жағдайда, одан кейінгі жұмыс күні төленеді.

## 10. Келісім бойынша ақпарат пен үзінді көшірмелерді беру

10.1. Серіктеске үзінді көшірме Серіктестің Жеке кабинетінде орналастыру арқылы немесе Kaspi айқындайтын өзге Байланыс арналары арқылы беріледі. Есеп айырысу кезеңінде Операциялар және Берешек болмаған жағдайларда Үзінді көшірме жіберілмейді.

10.2. Келісім бойынша міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алғаны және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткізіп алынған берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлем жасау қажеттігі; жеке тұлға Серіктестің Kaspi-ге өтініш білдіру құқығы; Серіктестің Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы Серіктеске бірінші рет мерзімі өткізілген күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей Мобильді нөмірге SMS-хабар жолдау арқылы немесе өзге Байланыс арнасы арқылы хабарланады. Kaspi сондай-ақ Серіктестің әлеуметтік желілердегі және өзге интернет-ресурстардағы жеке парақшасына хабарларды жариялау, Серіктес туралы мәліметтердің негізінде осындай коммуникацияларды пайдаланушыны Серіктес ретінде сәкестендірген жағдайда, Мессенджерлермен, өзге коммуникация құралдарымен хабарлар жіберу арқылы Келісім бойынша міндеттемелерді орындаудың мерзімінің өткізілгені және төлем жасау қажеттігі туралы Серіктеске хабарлауға құқылы.

Хабарлама Серіктеске: Серіктестің хабарламаны алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін Байланыс арнасы арқылы Келісімде немесе Серіктестің Kaspi-ге Келісімнің аясында ұсынған өзге құжаттарында көрсетілген электрондық пошта мекенжайына; Келісімде немесе Серіктестің Kaspi-ге Келісімнің аясында ұсынған өзге құжаттарында көрсетілген Серіктестің орналасқан жерінің немесе жеке тұлға Серіктестің тұрғылықты жерінің мекенжайына оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілген болса, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын Серіктестің кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алған болса, ол жеткізілген болып есептеледі.

Хабарламаны адресатқа, алушыға табыс етудің мүмкін еместігі туралы не оны қабылдаудан бас тартуына, сондай-ақ өзге Байланыс арналарын пайдаланған кезде оның қабылданғанын растамауына байланысты белгі соғылып қайтарған жағдайда, хабарлама тиісті түрде жіберілген болып есептеледі.

10.3. Серіктестің кез келген хабарламасы немесе сұратуы жазбаша түрде берілуге тиіс, оған осы Қосымшада көзделген жағдайлар қосылмайды. Мұндай хабарламаны немесе сұратуды, егер олар Kaspi-дің мекенжайына поштамен немесе курьерлік байланыспен жіберілсе, Kaspi тиісті түрде жолдаған болып саналады.

10.4. Байланыс арналарын пайдалана отырып, Серіктес қажетті құпиялылық режимін қамтамасыз еткенін, барлық (соның ішінде зиян келтіретін компьютерлік бағдарламалардан қорғану үшін) қажетті техникалық және бағдарламалық ресурстары бар екенін растайды.

10.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда хат жазысу, Операциялар жүргізу және мәмілелер жасасу және өзге әрекеттерді жасау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қорғану әрекеттерінің элементтері қолданылып, электрондық цифрлық қолтаңба не Байланыс арналары пайдаланылуы мүмкін.

10.6. Жазысатын хаттар, хабарламалар мен Келісімнің аясындағы құжаттар Серіктес Өтністі берген тілде жазылады.

10.7. Kaspi поштамен хабарлар жіберу үшін Серіктестің Қосылуға өтініште көрсетілген пошталық мекенжайын, ал ол өзгерген кезде – Келісім жасалған кезде хабарланған мекенжайды пайдаланады.

## 11. Тараптардың жауапкершілігі

11.1. Серіктес Келісім бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, Kaspi-дің өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген (Серіктестің кез келген мүлкінен және мүліктік құқықтарынан мәжбүрлеп өндіріп алуды қосқанда) кез келген шараны қолдануға құқығы бар.

11.2. Келісімнің талаптарына сай Ең аз төлемді төлеу міндеттемелерін орындамауы Серіктестің Келісім бойынша міндеттемелерін бұзуы болып табылады, бұл ретте Ең аз төлемді төлемегені немесе уақтылы төлемегені үшін Kaspi Келісімге сәйкес өсімпұл төлеуін талап етуге құқылы.

11.3. Kaspi:

- 1) Келісім бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайлары үшін, егер бұл еңсерілмейтін күш жағдайларының басталуының, соның ішінде: электр энергиясының өшірілуінің, байланыс желісінің зақымдалуының, өрттің және Kaspi-дің еркінен тыс басқа жағдайлардың салдары болса, жауапкершілік атқармайды. Kaspi Келісім бойынша өз міндеттемелерін жоғарыда аталған жағдайлар және олардың салдары тоқтағаннан кейін орындайды;
- 2) ықтимал шығындар және өзге жағымсыз салдар үшін, Kaspi-дің банк құпиясын құрайтын ақпаратты Байланыс арналары арқылы хабарлауынан не үшінші тұлғалардың Операцияларды жүргізуінен болған, егер Kaspi-ге байланысты емес себептерден CVC-кодты қосқанда, ДСН-код, Серіктестің ДСЖК және/немесе Серіктестің кіру коды, QR-код, Жеке кабинеттің логині және/немесе паролі, Төлем карточкасының деректемелері үшінші тұлғаларға қолжетімді болып қалса;
- 3) Серіктес қол қойған және ұсынған тиісті жазбаша құжаттың негізінде, онда қамтылған ақпараттың шынайылығына қарамастан, оның жасаған кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін, сондай-ақ Серіктестің ұсынған құжаттарындағы қолтаңбалардың түпнұсқалылығы үшін;
- 4) Kaspi-дің кінәсі болмай туындаған салдар мен жағдайлар үшін (үшінші тұлғаның Операция жүргізу үшін Төлем карточкасын қабылдаудан бас тартуын қосқанда), сондай-ақ бағдарламалық және/немесе техникалық құралдарға қызмет көрсетуде қандай да бір апаттар, жаңылысулар немесе іркілістер үшін жауапкершілік атқармайды.

11.4. Кез келген жағдайда Серіктестің алдындағы Kaspi-дің жауапкершілігі Kaspi-дің қасақана немесе өрескел абайсыздығынан болған әрекетінен немесе әрекетсіздігінен Серіктеске келтірілген, құжатпен расталған тікелей нақты залал мөлшерімен шектеледі. Жіберілген пайда, жанама, үстеме немесе кездейсоқ шығындар немесе залал, соның ішінде олардың туындауы мүмкін екені туралы Kaspi хабардар етілген жағдайларда өтелмеуге тиіс.

## 12. Келісімге өзгерістер енгізу, оны мерзімінен бұрын бұзу, одан бас тарту

12.1. Осы Қосымшада, Серіктестерге БҚКШ-да және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда ғана Келісімнің талаптарын біржақты өзгертуге жол беріледі.

12.2. Kaspi өз қалауы бойынша осы Қосымшада, Серіктестерге БҚКШ-да көзделген тәртіппен Келісімнің талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы. Бұл жағдайда қосымша келісім жасасу талап етілмейді. Мұндай өзгерістер туралы Серіктеске Байланыс арнасы арқылы хабарланады. Келісімнің өзгерістері, соның ішінде, Серіктес кез келген себеппен мұндай өзгерістер туралы хабарламаны алмаған жағдайда, Kaspi мен Серіктестің арасындағы қатынастарға қолданылады.

12.3. Kaspi Келісімнің талаптарын біржақты тәртіппен бір ай мерзімге немесе Kaspi анықтаған өзге уақыт кезеңіне Серіктес үшін талаптарын жақсарту жағына қарай өзгертуге құқылы. Келісімге қол қоя отырып, Серіктес үшін банк несиесінің талаптарының жақсаруы, атап айтқанда:

- 1) банк Несиесіне қызмет көрсетуге байланысты көрсетілетін қызметтер үшін комиссияларды және өзге де төлемдерді азайту жағына қарай өзгерту немесе толық күшін жою;
- 2) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайту жағына қарай өзгерту немесе толық күшін жою;
- 3) Келісім бойынша төлемдерді кейінге қалдыру және (немесе) ұзарту;
- 4) Сыйақының (Артық төлемнің) мөлшерін, Kaspi.kz-пен сатудан берешекті өтеуге жіберілетін соманың мөлшерін азайту;
- 5) Берешекті өтеу бойынша төлеу мерзімін кейінге қалдыру;
- 6) Келісімде көзделген комиссиялардың және басқа да комиссиялардың мөлшерлемелерінің мөлшерін азайту;
- 7) Несие лимитінің мөлшерін көбейту;
- 8) Сыйақыны және (немесе) өзге Берешекті капиталдандыру;
- 9) Келісім бойынша Дербес талаптарды беру;
- 10) Жеңілдік кезең беру;
- 11) жоғарыда тұрған кезекке дейін төмендегі кезектілік бойынша Берешекті басымдықпен өтеуді көздейтін Берешекті өтеу кезектілігін өзгерту;
- 12) кешірек мерзімге ауыстыру арқылы Есеп айырысуы кезеңі аяқталатын күнді өзгерту;
- 13) жаңа Несие лимитін беру;
- 14) жаңа Несие желісін ашу;
- 15) капиталдандырылған Берешекті қайта берілетін Несие лимиті есебінен өтеу арқылы Берешекті қайта қаржыландыру;
- 16) Несие(-лер) және (немесе) Келісім бойынша талаптарға өзгерістер енгізу, соның ішінде бар Берешекті немесе оның бір бөлігін біріктіру және (немесе) берешекті өтеу үшін жаңа төлемдер кестесін ұсына отырып, Келісім мен осы Қосымшаның аясында туындаған мерзімі өткен және (немесе) мерзімі өтпеген Берешекті төлеу үшін жаңа банк қарызын беру (бұдан әрі – Оңтайлы несие). Бұл ретте жүргізілген өзгерістердің және (немесе) Оңтайлы несиенің талаптарының (Kaspi-дің транзиттік ішкі шотына Оңтайлы несие беру) көрсетілу фактісін растайтын Kaspi балансында бухгалтерлік жазбаларды (Kaspi-дің транзиттік ішкі шоттарын пайдалануға жол беріледі) орындау сәті Несие(-лер) және (немесе) Келісім бойынша талаптарды өзгерту (Оңтайлы несие беру) рәсімінің басталуы болып саналады.



17) Несие желісінің Ең көп сомасын көбейту;

18) Несиелеу мерзімін тиісінше ұзартып, берілген бір немесе бірнеше Несие лимиті бойынша Ең аз төлем мөлшерін азайту;

19) Серіктеске Келісімнің талаптарының өзге жақсартуларын беру екенімен Серіктес келіседі.

12.4. Kaspi Келісімнің талаптарын Серіктес үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгерткені туралы Серіктеске Kaspi-дің таңдауы бойынша Байланыс арналарының бірімен хабарлайды.

12.5. Серіктес ұсынылған жақсартулардан бас тарту туралы жазбаша хабарламаны жолдау арқылы Келісімнің жүзеге асырылған жақсартулары туралы Серіктеске хабарланған күннен бастап күнтізбелік он төрт күннің ішінде Kaspi-дің біржақты тәртіппен жүзеге асырған Келісімнің талаптарын өзгертуінен бас тартуға құқылы.

12.6. Kaspi Несиеге қызмет көрсетуге байланысты емес комиссиялар мен Тарифтерді біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы. Бұл жағдайда қосымша келісім жасасу талап етілмейді. Несиеге қызмет көрсетумен байланысты емес Тарифтер мұндай Қызмет көрсетуді реттейтін шарттың талаптарына сәйкес өзгертілген түрінде күшіне енеді.

12.7. Жаңа Тарифтер Kaspi-дің операциялық залдарында және/немесе Сайтта орналастырылған жағдайда, Kaspi-дің Тарифтерінің өзгергені туралы Серіктеске тиісті түрде хабарланған болып саналады.

12.8. Байланыс арнасы арқылы хабарлама жолданған күні Kaspi-дің Келісімді біржақты өзгерткені туралы Серіктеске тиісті түрде хабарланған болып саналады, оған пошта ұйымы берген күні жолданған болып саналатын пошталық хабарламалар қосылмайды.

12.9. Келісім Серіктестің Өтініші бойынша немесе Kaspi-дің қалауы бойынша Берешек болмаған кезде бұзылуы мүмкін.

12.10. Келісімнің талаптарында және заңнамада реттелмеген бөлігінде Келісімді орындауға, соның ішінде Келісімнің талаптарын және Дербес талаптарды өзгертумен байланысты мәмілелер Kaspi көздеген тәсілмен Байланыс арналары арқылы хабарлар алмасу арқылы, атап айтқанда, ДСЖК, ДСН-кодты, ЭЦҚ-ны енгізу, электрондық және өзге құжаттармен алмасу арқылы және басқа да тәсілдермен жасалуы мүмкін.

### 13. Қамсыздандыру жарнасының талаптары

13.1. Келісімде және осы Қосымшада көзделген Несиені қайтару, Сыйақыны төлеу, Ең аз төлемдерді, комиссияларды, тұрақсыздық айыбын және Келісім бойынша өзге төлемдерді төлеу міндеттемелерінің тиісінше (толық және уақтылы) орындалуын қамсыздандыру үшін Серіктес Kaspi-ге ақшаны (Қамсыздандыру жарнасын) береді. Kaspi Қамсыздандыру жарнасын Серіктестің міндеттемелерін қамсыздандыру ретінде қабылдаған ақшаны сақтау шотында (бұдан әрі – Қамсыздандыру шоты) есепке алады. Серіктестің міндеттемелерін орындау тәртібі мен мерзімі, сомасы Дербес талаптарда және/немесе Келісімнің аясында айқындалған, Серіктеске Жеке кабинетте немесе өзге Байланыс арналары арқылы хабарланған өзге талаптарда көзделген тиісті келісімге сәйкес айқындалады. Міндеттемелердің ең көп мөлшері – Келісімнің аясында бір миллиард теңгеден аспайды (несие лимитінің ең көп сомасы). Несиелер бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі – бір ай, бұл ретте Келісімнің және осы Қосымшаның талаптарына сәйкес міндеттемелерді орындау (Оңтайлы төлемді салу) мерзімін кейінге қалдыру берілуі мүмкін.

13.2. Қамсыздандыру жарнасының мөлшері Қамсыздандыру шотында есепке алынған ақша сомасымен айқындалады және төлем және өзге құжаттармен расталады, олардың негізінде Kaspi Кепілзат шотына ақша қабылдайды және/немесе Несие бойынша міндеттемелерді орындау және/немесе Серіктеске қайтару үшін одан Қамсыздандыру жарнасын есептен шығарады.

13.3. Барлық Несиелер бойынша Берешектің мөлшерінен асып кететін бөлігінде Қамсыздандыру жарнасының сомасы Серіктестің өтініші бойынша Серіктестің Kaspi-де ашылған кез келген банктік шотына есепке жазылады.

13.4. Қамсыздандыру жарнасына ақша:

1) Келісімнің, осы Қосымшаның және (немесе) Дербес талаптардың талаптарына сай Kaspi-дің Серіктестің шотынан Қамсыздандыру жарнасына ақшаны күн сайын Kaspi.kz-те сатудан түскеннен бекітілген сомамен есептен шығаруы;

2) Kaspi кассаларымен және/немесе электрондық терминалдарымен (Kaspi мұндай мүмкіндікті берген жағдайда) қолма-қол ақша салу арқылы;

3) Жеке кабинет арқылы Берешекті өтеу үшін ақша аудару арқылы;

4) Серіктестің жазбаша және/немесе электрондық түрде беретін нұсқаулары мен құжаттарының негізінде, сондай-ақ акцептсіз тәртіппен Kaspi-дің Серіктестің банктік шоттарынан ақша алуы арқылы;

5) Серіктес пен Kaspi-дің арасында жасалған шарттарда көзделген ережелер мен шектеулерді ескере отырып, заңнамаға қайшы келмейтін өзге тәсілмен есепке жазылады.

13.5. Қамсыздандыру жарнасы Келісімнің және (немесе) Дербес талаптардың талаптарына және (немесе) Келісімде айқындалатын өзге талаптарға сәйкес Серіктестің (ағымдағы, сол сияқты мерзімі өткізілген) міндеттемелерін орындау үшін пайдаланылады.

13.6. Қамсыздандыру шотынан алынған ақша Қамсыздандыру жарнасының мөлшерін азайтады.

13.7. Серіктестің Қамсыздандыру жарнасын пайдалануға және оны иеленуге құқығы жоқ.

13.8. Kaspi Қамсыздандыру жарнасының сомасына сыйақы есептемейді және төлемейді.

13.9. Келісім бұзылғанда және ол бойынша Берешек болмаған жағдайда, Қамсыздандыру жарнасы Серіктеске оның Kaspi-дегі кез келген банктік шотына, ал ол болмаған кезде Серіктестің жазбаша өтінішіне сай қолма-қол ақшамен қайтарылуға тиіс.

### 14. Ерекше талаптар

14.1. Тараптар банктік, коммерциялық және екінші Тараптан алынған өзге де ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Заңнамада тікелей көзделген жағдайларда не екінші Тараптың жазбаша келісімімен, не Серіктестің жазбаша келісімінде көзделген жағдайларда ғана, сондай-ақ Қазақстан Республикасының талаптарына сәйкес мұндай ақпарат үшінші тұлғаларға берілуі (жариялануы немесе жария етілуі) мүмкін.

14.2. Kaspi-дің пікірінше, Серіктестің әрекеттерінде қылмыстық белгілер болған жағдайларда, заңнамада көзделген тәртіппен, сондай-ақ Серіктестің жазбаша келісімдерінде аталған жағдайларда, Серіктес Kaspi-ге банк құпиясын құрайтын мәліметтер мен ақпаратты және Дербес деректерді анықтау және алдын ала тергеу органдарына ашуға және беруге құқық береді.

14.3. Осы Қосымша Kaspi мен Серіктестің арасындағы қатынастарға, егер мұндай талап Kaspi мен Серіктестің арасында жасалған шарттарда тікелей көзделсе ғана, қолданылады. Kaspi Серіктеске тиісті хабарламаны Байланыс арналары арқылы жолдаған жағдайда, Серіктес пен Kaspi-дің арасындағы қатынастарға тиісті түрдегі шарттар үшін Kaspi әзірлеп, баспада жариялаған өзге үлгілік ережелер мұндай үлгілік ережелерде көзделген тәртіппен және жағдайларда қолданылады.

14.4. Kaspi-дің Несие беруге, Шот ашуға қажетті құжаттарды қабылдауы Kaspi-дің мұндай шарттарды міндетті түрде жасасуына әкеп соқтырмайды. Kaspi белгіленген тәртіппен шарттарды жасасқан сәтке дейін қызмет көрсетуге және Серіктестерге БҚКШ-да көзделген міндеттемелерді атқаруға міндетті емес.

14.5. Kaspi-дің қолтаңбасы мен мөрін қою қажет Келісім, соның ішінде оның қосымшалары, Серіктестен алынған өтініштер/құжаттар/ақпарат, сондай-ақ Kaspi-дің Серіктеске жолдайтын құжаттары қолтаңбаны және мөрдің суретін (бар болса)

факсимильдік көшіру құралдарын және/немесе уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-сын пайдаланып ресімделеді. Аталған жағдайларда Келісім және онымен байланысты құжаттар ҚР АҚ-тің 152-бабына сәйкес ресімделген, атап айтқанда, жазбаша нысанда жасалған болып табылады.

14.6. Kaspi Серіктес туралы мәліметтерді несие бюроларына беруге және несие бюроларының ол туралы несие есебін, сондай-ақ Тараптардың міндеттемелерді орындауына байланысты ақпаратты Kaspi-ге беруіне келісімін алды.

14.7. Келісімге қол қоя отырып, Серіктес Kaspi-ге тарап ретінде Серіктес пайда алушы немесе мүдделі тұлға болып табылатын шарттарды жасасу және орындау; оларды орындауға мәжбүрлеу немесе берешекті өндіру; Серіктестің құқықтары мен міндеттерінің тиісінше іске асырылуын қамтамасыз ету; мәліметтерді анықтау, соның ішінде алаяқтық операцияларға жол бермеу мақсаты үшін; шарттарды орындауға байланысты ақпаратты, үшінші тұлғалардың, Kaspi серіктестерінің бірлескен бағдарламаларына (адалдық бағдарламаларына, бонустық бағдарламаларда және т.б.) қатысатын үшінші тұлғалардың мәліметтері мен ақпаратын Серіктеске жеткізу; сақтандыру, пошталық ұйымдарға, байланыс ұйымдарына беру; мерзімі өткізілген Берешекті өндіріп алу немесе Серіктестің өзге міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін коллекторлық ұйымдарға және өзге тұлғаларға беру үшін Серіктестің және (немесе) Серіктестің жұмыскерлерінің, қатысушыларының, акционерлерінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға келісімін береді.

14.8. Серіктестің дербес деректері және Серіктес туралы өзге мәліметтер Байланыс арналары арқылы мұндай әрекеттерді жасау үшін Kaspi көздеген тәртіппен өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

14.9. Серіктес Kaspi-дің қызмет ақысын операцияларды жүргізген кезде Тарифтерге сай қолма-қол ақшасыз тәртіппен, қолма-қол ақшамен Kaspi-дің Серіктестің шоттарын тікелей дебеттеуі арқылы және/немесе Kaspi-дің операцияларды жүргізген кезде Серіктестің шотынан не болмаса Серіктестің Kaspi-дегі немесе басқа банктердегі кез келген өзге банктік шотынан ақшаны акцептсіз тәртіппен алуы арқылы төлейді.

14.10. Шарттың Тараптары олардың арасында даулар, қайшылықтар және келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен дауды сотқа дейін немесе соттан тыс реттеу бойынша шаралар қолданады (соның ішінде, мыналарды қоса: шағымдық жұмыстарды жүргізу, талаптар мен хабарламалар жіберу, факсимильдік байланыс арқылы және заңда тыйым салынбаған басқа да байланыс құралдарын пайдаланып, хатпен, электрондық хабарлармен, SMS-хабарлармен алмасу). Тараптар дауды сотқа дейін немесе соттан тыс реттеу бойынша қолданылған шаралардың нәтижесінде келісімге келмеген кезде, дау Kaspi-дің орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешуге беріледі.

14.11. Келісім бойынша (талап ету) құқықтары үшінші тұлғаға берілген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен Келісімнің аясында Kaspi-дің Серіктеспен өзара қарым-қатынасына қойылатын талаптар мен шектеулер Келісім бойынша (талап ету) құқықтары берілген үшінші тұлғалармен Серіктестің құқықтық қатынастарына қолданылады.

\* \* \*